



Алматы қаласының әкімдігі
Тілдерді дамыту басқармасы

Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті
Қазақ филологиясы және әлем
тілдері факультеті



«МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ САЯСАТЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БІРІГУІНІҢ ФАКТОРЫ»

атты республикалық
ғылыми-тәжірибелік конференция
материалдары

2016 жылғы 29 қараша
Алматы қаласы

М-35

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛКА:

Бас редактор

М.Қ. Ахетов – Алматы қаласы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы
Б.А. Алиев – Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің бірінші проректоры

Жауапты редакторлар

А.О. Тымболова – Қазақ филологиясы және әлем тілдері факультетінің деканы
Б.Қ. Тұрлымбеков – Алматы қаласы «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының директоры

Редколлегия мүшелері

Ж.Н. Сүлейменова – п.ғ.д., профессор
Ш.Л. Ерхожина – п.ғ.к., қауым.проф.м.а.
С.Б. Ержанова – ф.ғ.д., профессор
С.А. Оданова – п.ғ.к., доцент

Құрастырушылар

Д.А. Мажитов, Ш.Т. Малдыбекова

Жинақта мемлекеттік тілді оқытудың теориялық аспектілері, лингводидактикалық принциптері мен әдістері, пәнаралық интеграциялар, сондай-ақ қазақ тілі теориясы мен практикасының өзекті мәселелері жан-жақты талданып, ғылыми пайымдаулар жасалады.

Мақала мазмұнына авторы жауапты.

ISBN 978-610-228-475-5

УДК 822.512.122.1
ББК 83.7 (5 Қаз)

ISBN 978-610-228-475-5

дәстүрдің сана мен ақылда болатын, яки болмақ өзгерістерден бұрын тұратын, сондықтан оған бәрі әсер ететіні ұғылады.

Шынында дәстүр жалғасуы үнемі ұлттық арнада нақты стиль, тақырып, жанр ізімен жүруі емес, оның өрісі ұлттық арнадан шығып жалпы интернационалдық алқапқа да жайылатын жоғарыда көрдік. Сонымен жоғарыда дәстүрді синтездеп қабылдау дегеніміз де осы ұлттық дәстүр мен интернационалдық дәстүрдің астасқан ортақ өріс алуының бір көрінісі боп табылады.

1960-70 жылдары қазақ поэзиясына келіп қосылған қуатты буын М.Мақатаев, Ж.Нәжімәліев, Қ.Мырзаліев, Т.Айбергенов, М.Шаханов, Ж.Әбдіраш, т.б. лирик акындарымыздың әрқайсысы өзіндік үнімен, дара таланттарымен, қайталанбас қолтанбасымен ерекшелене отырып, барлығы қазақтың қара өлеңіне ден қойды. Олардың көркемдік, тілдік, жанрлық ізденістері қара өлеңге бастау алды. «Қазақтың күні киген қара өлеңін, шекпен жауып өзіне қайтарамын» - деген Мұқағали ақынның сөзі бекер емес. Осы ретте әдебиеттегі дәстүр мен жанашылдық туралы белгілі Т.Медетбек: «Баба дәстүрдің мұрагері - өз ұлтының рухани байлығы мен әлем әдебиетінің үлгілерін бойына жинақтап, оларды өзінше игеріп, өзінше қорытқан, өз уақытының үні бола білетін өз заманының әлеуметтік мәнін ашып көрсете аларлық қуатқа ие немере Жаңалық» - деп қорытады.

Қазақ поэзиясына осы кезеңде өзіндік үнімен, қуатты қаламгерлік қолтанбасымен жанашылдығымен келген Жарасқан Әбдіраш қара өлең өнерінің дәстүр бұлағынан на нәр алады. Оның «Найзағайлы жаз», «Дала, сенің ұлыңмын», «Соғыстан соң туғандар», «Перзент парызы» өлеңдер жинағында ақынның шығармашылық келбетін даралай түсетін басты тақырып – туған жер, кең дала образы – сан уақыттар бойында қай ақынды бо имасын толғанып, тебірі келе жатқан қазық бейнелер. Барлық ақындар туған даласына перзенттік сүйіспеншілігін, махаббатын жырлайды. XX ғасырдың жиырмасыншы, отызыншы жылдарында Ілияс Жансүгіровтің арнаған эпикалық кең тынысты туындысы өзге ақын шығармаларынан да дәстүр жалғастығын жатты. Ж.Әбдіраш дала тақырыбын жырлауда дәстүрге сүйене отырып, өзіне ғана тән өрнектер ғана тән айшықты ойларын ортаға салады. «Туған дала» деп басталатын өлеңдерінде ақын даласының поэтикалық портретін жасайды. Ақын туған өлкесінің тарихын зерделеп, оның алдында перзенттік парызын, жауапкершілігін терең сезінеді.

Көп жанрлы, сан қырлы қазақ поэзиясының төркіні, тарихы қазіргі жағдайы өзара байланысты бағыттар, мектептер сабақтастығы жөнінде аса қызықты, ерекше мәнді фактілер мен деректерге бай. Мұндай материалдарды салыстыра зерттеу арқылы тарихи-төркіндік, тарихи-текестік, тарихи-мәдени өзара байланыстар туралы ғылыми жинақтаулар жасаған филологиялық іргелі еңбектер жазылып келеді. Көркем туынды өзгешелігінің өзі оның тамаша, құнды табыстарының өмір өлмейтін, бағасы кемімейтін мәңгілік сипатында. Сол себепті де бұл табыстар түбегейлі құбылыстар ретінде ұдайы жаңалық тууына игі әсер етуін ешуақытта тыймайды. Әдеби дамудағы жалғастық проблемаларының бірнеше аспектісін, көп қырларын көрсете келіп, ұлтаралық әдеби байланыстардың сан алуан жолдарын айта отырып, әдебиетші ғалымдар әр түрлі деңгейде дәстүрлер, мәдениеттер тоғысуынан үздік үлгілер туатынын нақты мысалдармен дәлелдеп берген. Жаңа дүниежүзілік тарихи кезең шындықтарын бейнелейтін, қаһарманның күнделікті тірлігін көрсететін, әлем картинасын кеңейткен қазіргі әдебиет адамзатқа ортақ дәстүрлерді байыта кезең көркемдік жинақтаулар жасап, жаңа эстетикалық игіліктер тудырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әдебиеттану терминдер сөздігі / құраст.: З.Ахметов, Т.Шанбаев. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 384 б.
2. Дербісәлин Ә. Дәстүр мен жалғастық. -Алматы, 1976. Б. 7-14.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЖЫРАУЛЫҚ ДӘСТҮРДІҢ КӨРІНІСІ

Ержанова Т.А.
Ф.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі
Әлиева Ж.
докторант

Жыраулық дәстүр – біздің әдебиетіміздің қанып ішер кәусар бұлағы. Олардың көркемдік қуаты қазіргі лирикалық поэзияның стильдік ерекшеліктерінің бірі болып қалыптасып келеді. Поэзияда фольклорлық желілер дегенде ең басты мәселе қазіргі ақындардың фольклорлық кейіпкерлерді жанау

оқиғаларды өз шығармаларына арқау етіп алуын айтуға болады. Акындар фольклорлық желілер арқылы шығармашылыққа жаңа тыныс беріп, ауыз әдебиетінің кеңіпкерлеріне жаңа замандағы құлаш жаю үшін жаңа кеңістік алаңын ашты.

Жаңа заман поэзиясының негізін белгілі бір әдеби бағыт дамуынан іздеген дұрыс. Себебі кез-келген әдебиеттің өзінің даму және ағу арнасы болады. Көркемдік және рухани сабақтастық негізінен қарасақ, көктүріктер сарыны мен жыраулар толғауларының арасындағы байланысты көреміз. Ең бірінші байқалатын ерекшелік олардың спецификасы, яғни көшпенді елдің дәстүрлі поэзиясы болатындығында жатыр. Әдебиетіміздің екі түрлі саласы болып есептелетін көне түркі жазбалары мен жыраулар әдебиетінің ортақ идеялық негізі олардың азаттық сүйген, тәуелсіздік тілеген хәм ұлт тағдырын ойлаған ділінде жатыр. Бұл ұқсастықтар мен өзіндік даралықтарға мән бермес бұрын, қазақ поэзиясының даму эволюциясына көз жүгіртер болсақ сонау аттың жалында, атанның қомында күн кешкен бабаларымыз туындатқан поэзияның өрісіне бір көз салмай кетуге мүлде болмайды. Қазақ поэзиясының ауыз әдебиетінің тереңінен нәр алған шығармашылық салалары жыраулар әдебиетінің дәстүрі олардағы ұлттық характердің даралығын айта кеткен шарт. Көшпенді ортада ғұмыр кешіп, сол ортаның табиғатына тарта туған тарпаң мінезін бойына сіңірген жыраудың шығармашылығы да өзінің рухы тәріздес болады. Өз заманының үніне үн қосып, ағымына ілескен, дауылына қарсы тұрған акын-жырулар шығармаларындағы характер даралығын ерекше басып айту керек. Жыраулар әдебиеті өз заманындағы қоғамдық процестердің шиеленісуі мен шарпылысынан туған, замана талабына, халықтың арман-тілегіне жауап берген шығармашылық түрі.

Асанқайғы, Жиембет, Ақтамберді, Қазтуған, Доспамбет жыраулардың жырларындағы өмірсүйгіш рух пен абсолюттік романтика, бұлтартпас тарихи дәлдік лирикалық қаһарманның жүрегіндегі отты оқырманның көңіліне аударып құйып өзінің нөктаға басы бағынбас мінезін танытады. Жыраулар толғауларын темірқазық етіп алып, солардың көшіне ілескісі келген шығармашылық иесі де сол характерді, жеңілмес рухты және оптимизмге толы желіні өзінің шығармашылығына өзек етіп алады.

Жыраулар поэзиясының дәстүрі Махамбетке дейін ғана емес, қазіргі қазақ поэзиясының белгілі өкілдері - Фариза Оңғарсынова, Нұрлан Мәукенұлы, Есенғали Раушанов және Жанат Әскербекқызының шығармашылықтарынан да өз жалғастығын табуда. Қазіргі қазақ поэзиясының көне жыраулық дәстүрді жалғастырушы әрі әдебиетімізді одан әрі нығайта түсуші талант иелері деу де артық болмас. Екі дәуір поэзиясында дыбыстардың қайталануы, аяққы немесе сөз басында бір сөздің қайталануы, афоризмдердің қолданылуы, ұйқас ұқсастықтары көптеп кездеседі.

Мәселен, Қазтуған жыраудың толғауында:

Алаң да алаң, алаң жұрт,

Ағала ордам қонған жұрт.

Атамыз біздің бұ Сүйініш

Күйсеу болып барған жұрт,

Анамыз біздің Бозтуған

Келіншек түскен жұрт,

Қарғадай мынау Қазтуған батыр туған жұрт, - деп келсе, Ж. Әскербекқызының «Баба жұртына

оралу» өлеңінде:

Шөлкез шалған жұрт,

Қазтуғаннан қалған жұрт,

Доспамбеттей қыршын ер,

Сонғы демін алған жұрт,

Ақтамберді толғанып,

Махамбет атой салған жұрт,

Дауға түскен ептінің

Жауға түскен тектінің

Тандайынан түйірлеп,

Сөз асылы тамған жұрт, - деген шумақтар бар. Тек осы ұқсастық қана емес, айта берсек осындай

мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Нұрлан Мәукенұлының поэзиясын алып қарасақ та жыраулық дәстүрдің ізі айқын

Мысалы:

...қыдағы боз айғыр

...дыраса болар ма?

...ды жау сыдыртып,

...алсақалар ма?

...ыментас илеп,

...

Ойты-қырлы шабар ма?
 Жау қолына жеткізбей,
 Елдіңшетін табар ма? –десе,
 Ақтамберді жырауда:
 Арудан асқан жар бар ма?
 Қылқыдан асқан мал бар ма?
 Биенің сүті сары бал -
 Қымыздан асқан дәм бар ма? – деген риторикалық сұрау ұйкастарды ұшыратамыз.

Н. Мәукенұлының:
 Күннен күдірет қашқаны-
 Кара бұлттың басқаны,
 Қамырыққан көңілдің
 Құлағаны аспаны...
 Айдан айбын қашқаны-
 Айдың көлдің тасқаны,
 Айдай алпақ көңілді
 Ауыр мұнның басқаны, - деген жолдарына ұқсас Шалкиіз жырауда:
 Аспанды бұлт құрсайды -
 Күн жауарға ұқсайды,
 Көлдерде құлар шулайды -
 Көкшіліденол айуан.
 Сокқы жегенге ұқсайды, - деген сияқты сәйкестіктерді аңғаруға болады.

Біздердің бойында тек ұйқас ұқсастығы ғана емес, сонымен бірге дыбыс үндестігі (аллитерация мен ассонанс) де бар.

Жыраулық дәстүрдің бастауын сонау Күлтегін, Тоныкөк, біздер айтып жүрген Орхон Енисей жазықтарынан, ғылымға дәлелденіп жүрген, сына тасқа қашап жазылған Естеміс-Бұмын қағандарға қарайтын мадақ жырларынан аңғаруға болар. Ондағы сөз тіркестері де, ондағы мадақ та жыраудың асылынан шыққан деуге толық негіз бар. Одан кейінгі кезеңдерде өткен Қорқыт ата, Сыпыра жырау, Қазтуған, Асан қайғы, Шалкиіз, Доспамбет, Қазтуған, Үмбетей, Бұқар жыраулардың тізбегіне кіреді. Тек жыраулар сөзінде биік рух бар. Жыраулар елдің мұң-шерін, арман-мақсатын өлең арқылы бізге айтады. Олардың азаткерлік рухы дәуірдің қыспағына бой бермеді, бастары ноқтаға берілмеді.

Жыраулар поэзиясы-қазақ әдебиетінің алтын тамыры. Оның түп төркіні сонау түркі дәуірінен бастау алатынын, тіпті одан да әріге кететіні бүгінде ешкімге құпия емес. Ежелгі бабаларымыз: Қағандығын қансыраттық, Тізеліні бүктірдік, Бастыны еңкейттік, - деп тасқа таңба басқаны баршаға аян.

Ұлт ерекшелігі ұрпақ бойында қанымен, тілімен, сазымен сақталады емес пе?! Қазақ халқының асыл қазынасы, алтын кеніші- жыраулар поэзиясы. Сондықтан да бүгінгі замандасымыз Е. «Болат Тілеу-хан теледидардан: «Қайран да менің Еділім» деп Қазтуғанша толғаса, бір сәт бізде бөтен елдің еншісінде кеткен есіл Еділімізді аңсап мұңаймыз. «Туған айдай нұрланып, Дулыға кидім өкпінбен...» деп, Доспамбетше толғаса, тарих тереңіне тебірене ой тастап, топ бастаған шешен, дана абыз, арқалы ақын бабаларымыз – жыраулар толғауын қайтсе де, бей-жай тыңдай алмаймыз. Ұлттың ақтанышы боларлық біртуар тұлғаға қазақ даласы қашан да кенде болмаған.

Ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан жыраулық поэзия өмір аренасындағы өз ернін ХІХ ғасырдың екінші ширегінен бастап ақындық поэзияға бере бастады. Өйткені, бұл кезде қазақ қоғамының көшпенді тірлігі адам таңқаларлықтай боп өзгеріске түспегенмен дала тіршілігінде сырсыпыра жаналықтар дүниеге келді. Соның ең басты өзгешелігі бұл кезеңде қазақ даласы түгел дерлік Ресей империясының құрамына енді. Соған байланысты қазақ қоғамының ел басқару, халық билеу дәстүрлері мен заң-жобаларына өзгерістер дендеп кіре бастады. Бұрын үлкен территорияларды мекендеген халықты хандық атақпен билеп, өзін әрісі бүкіл қазақтың, берісі үш ұлыстың бірінің әміршісі сезінетін хан-сұлтандар тұқымының айбыны кеміді. Осыған байланысты бұрын сол хандық институттың басқару аппаратының құрамында отырып ұлыстың мүддесін қорғайтын жыраулар қауымы да тарих сахнасынан біртіндеп ығыса бастады.

Бірақ, жыраулардың қарасы кеміп, қарымы тарылғанмен, елдің келешегін ойлайтын, оның арман-мүддесін паш ететін, тарихынан тағлым алуға шақыратын бойында ақындық оты мен патриоттық намысы лаулаған ақындар қауымы да аз еместі. Олардың кейбірі мойнына отарлықтың бұғауы түскен елдің азабын азайтам деп жүріп, сол жолда опат болды. Енді біреулері ел мүддесін өз

мүддесінің
 алыса жүріп
 екенін өздері
 ашуға, сана
 Күрес
 соңынан ет
 аяғын бост
 Жы
 ескерсек,
 ұқсастықт
 Тағ
 төңкерісін
 ғана шек
 шамсына
 творчесті
 өзгешелі
 алдымен
 өрнектел
 қоғамың
 ғасырлы
 ақынды
 әдебиет
 өнері и
 Ра
 басына
 көздеп
 аралас
 Д
 тұрғы
 дәстүр
 Шорт
 сынды
 келіп
 Мөн
 өкіл,
 өтке
 алы

дәу
 таб
 Жә
 аты
 жа
 шы
 піс
 ел
 ая
 б

т
 і

мүддесінің жолында құрбандыққа шалудан тайынбайтын үлкенді-кішілі көрбілте отандастарымен алыса жүріп өмір кешті. Қалай болғанда да солардың көбісі- тәуелсіздіктің, ел бірлігі дегеннің не екенін өздері қапысыз ұғып қана қоймай, осы жолда сүйсеу таппай сүрініп жүрген халқының да көзін ашуға, санасын көтеруге бар күш-жігерін аямай жұмсап бақты.

Күрестің ең үлкені-қолға қару алып айқасу болса, соған барудан да тартынған жоқ. Аламаның соңынан ертіп қарулы көтеріліске шықты. Езілгендердің қолын еркіндікке жеткізем деп, отарлардың аяғын бостандық табалдырығынан аттасам деп ақырып теңлік сұрады. [1,175]

Жыраулық-жыршылық дәстүріміз жұртымыздың тарихымен тығыз байланыста дамитындығын ескерсек, бұл дәстүрдің кейінгі ақындықтың яғни поэзияның даму арналарымен сабақтасып, ұқсастықтың болуы заңды құбылыс.

Тарихта болып өткен оқиғаларды, тарихи адамдардың істерін жырлау дәстүрі –Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ әдебиетінде тек жыраулар мен суырып салма ақындар творчествосымен ғана шектелмегені ақиқат. XIX ғасырда дүниеге келген қазақтың жазба әдебиеті бұл дәстүрді өз шамсына қарай одан әрмен дамытып, одан әрі жаңғырта түсті. Бұл әдебиеттің өзінен ілгеріде өткен творчество өкілдері мұрасынан жырлаған тақырыбы, көтерген мәселесі тұрғысынан азды-көпті өзгешеліктері де болмай қалған жоқ. Бірақ, әдебиеттің тарихилық мәселелері түптеп келгенде ең алдымен белгілі бір географиялық кеңістікті тұрақ еткен этностың рухани мүддесін ескере отырып өрнектелетіндіктен, жазба әдебиет атанатын дәстүрдің ту ұстаушыларының да қазақ жұртына, қазақ қоғамына қызмет етуді өзінің басты кредосы етіп ұстанғандығы даусыз. «Сондықтан бірнеше ғасырлық ғұмыры бар жыраулық дәстүр мен өзімен жарыса өмір кешіп жатқан суырып салма ақындық творчествосының ізбасары болып өмірге келген қазақтың XIX-XX ғасыр басындағы жазба әдебиетінің тарихилық мәселелерді менгеру, жаңғырту жолындағы ізденістер жолы бұрынғы сөз өнері иелерінің тәжірибесімен біраз жағдай да сабақтастық тапқандықтарында күмән жоқ»-[1,259].

Рас, бір қарағанда XIV-XIX ғасырлардағы жыраулар мен ақындар шығармаларындағы ел басынан өтіп жатқан әр алуан тарихи проблемалар, олардың тарих ғылымына қызмет етуді көздегендіктен емес, халқының тағдырынан сырт қала алмағандықтан тарихи тұлғаның тарихқа араласуы болып көрінетіні сөзсіз.

Дәстүрлі әдебиеттің тарихты жырлау, игеру машығының жанрлық, тақырып аясының кеңеюі тұрғысынан түлеп, жаңғыру процестерін бастан кешуі заңды құбылыс. Осы ретте әу баста жыраулық дәстүр өмірге әкелген толғау жанры XIX ғасырдағы Мұсабай, Нысанбай секілді жыраулар, Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ауызша дәстүрдегі ақындар, Абай, Ығылман, Мұхамеджан, Сұлтанмахмұт сынды жазба әдебиет өкілдері арқылы әртүрлі машықтағы, әр қилы көлемдегі дастан, поэмалармен келіп толықты. Бірақ соған қарамастан баба жанр-толғау қатардан шығып қалған жоқ.

Жыраулар поэзиясының негізгі объектісі-өздері өмір сүрген дәуірдің кейіпкерлері болса, Мұрат Мөңкеұлынан бастап бұл дәстүрге елтеген өзгерістер де ене бастады. «Осы жаңалық жазба әдебиет өкілдері тұсында қанатын кеңге жайып, өздерінен бұрынғы өткен өз елінің тарихында, өзге елдердің өткен өмірін де әр түрлі жазба-жөдігерліктер, аңыз-әңгімелер, жеке ақындар шығармаларынан алынған мәліметтерге сүйеніп жырлау дәстүрі творчестволық дағдылы машыққа айналды»[1,354].

Толғауда ақын-жыраудың қуанып, шаттанған, не кектеніп ызаланған жан тебіренісі де, сол дәуірдегі әлеуметтік ірі оқиғаларға айтқан парасатты пайымдаулары да, яки дүние, өмір, адам, табиғат, заман сырын таразыға салып тебіренген философиялық-дидактикалық пікірі бой көрсетеді. Жазба ақындар творчествосында бұрын толғау табиғатынан табылатын қасиеттерді енді лирика атқара бастады. Толғау табиғатында тек лирикаға тән тебіреніс, толғаныс қана емес, үндеп, жарлап, жалындай келетін жауынгерлік рух, өмір, дәуір, заман т.б. сан алуан мәселелерді кеңінен қамтып, шабытпен шалқыта бейнелейтін көсемсөз- публицистиканың да сипаты танылады. Жыраулар поэзиясы мен қазіргі қазақ лирикасының арасындағы ұқсастық тек мазмұны, тақырыбы жағында ғана емес, түр жағынан да сабақтасып жатады. Өлеңнің сыртқы құрылыстарын қарастыратын болсақ, аралас, ерікті, кезекті, егіз, қара өлең ұйқастарын қолданған. Ұйқастың өзін ішкі ой мен мазмұнға бағындырған және шумаққа поэзиялық қасиет дарытып тұратын дыбыс үндестігі де жиі кездеседі.

Жыраулар поэзиясы мен қазіргі қазақ лирикасының арасындағы ұқсастық тек мазмұны, тақырыбы жағында ғана емес, түр жағынан да сабақтасып жатады. Өлеңнің сыртқы құрылыстарын қарастыратын болсақ, аралас, ерікті, кезекті, егіз, қара өлең ұйқастарын қолданған. Ұйқастың өзін ішкі ой мен мазмұнға бағындырған және шумаққа поэзиялық қасиет дарытып тұратын дыбыс үндестігі де жиі кездеседі.

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі қазақ поэзиясындағы көтерілген ірі мәселелер тіл, ұлт, ұрпақ тәрбиесі болды. Жыраулық дәстүр өз жалғастыған тапты. Алайда әр нәрсенің өз заманына қарай өзгеріп, жаңа сипат алуы заңды құбылыс. Сол сияқты поэзия да жаңа сипатта көрініс таба

бастады. Әр акын өлең өлшемдеріне жаңалықтар енгізді. Бірақ, негізгі идея, жырланатын ой соған жыраулар поэзиясынан бастау алып, өз жалғастығын көрсетті.

Қазіргі қазақ поэзиясы өзіне дейінгі ұлттық әдебиетіміздің ең асыл, аса озық дәстүрін жалғастырып, дәуірге сай жаңа көркемдік ізденіс танытып келеді. Жыраулық поэзияның философиялық негіздері қазіргі қазақ ақындарына үлгі болары хақ. Олардың поэзия жолындағы ізденістеріне, іргелі де ілгері дамуына өз септігін тигізбек.

Жыраулар поэзиясының әлемдік әдеби мәні бар. Бұл дәлелдеуді керек етпейтін ақиқат. Бүгінгі алаш азаматының басты міндеті баба өнерді алдымен өзінің жете танып білуі.

Пандаланған әдебиеттер

1. Сүйіншәлиев Х. XIX ғасыр әдебиеті. Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттері арналған оқулық. – Алматы, Ана тілі: 1992. -360 бет.
2. Ж. Әскербекқызы. Қаз қанатындағы ғұмыр: өлеңдер мен поэма. – Алматы, Жазушы: 2007.-239бет
3. Мәукенұлы Н. Сұңқарбұлақ: Жыр кітабы – Алматы: Жазушы, 2008 –112 бет.

ТІЛ ЖӘНЕ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ

Жанұзақова
ф.ғ.д., проф.
Қазмеңк
Алматы қал.

Тіл - сөйлеу мен ойлау, өзара қарым-қатынас құралы. Әдеби шығарманың көркем құрылымында тілдің көркемдік бейнелеу құралдарының орны ерекше. Әдеби шығарманың көркемдігін айқындайтын басты компоненттердің бірі – тіл. Суреткерге қойылар басты талаптың бірі де - көркем, айшықты тіл. Әдебиеттанушылар кемел шығармаға қажетті қасиеттерді талдағанда көркем тілдің орнын ерекше атап өтеді.

Көркем шығарма тілі - әдебиет туралы ғылымның да ең өзекті мәселелерінің бірі. Әдебиеттанушылар шығармадағы көркем тіл мәселесін әдебиеттанушылармен қатар тілтанушылар да зерттейді. Лингвистер көркем тілдің ерекшеліктерін ережелер арқылы сипаттап, қолданылу түрі тұрғысынан зерттейді. Тілші ғалымдарды ең алдымен спецификалық тәсілдермен және ережелермен сипатталатын тіл қолданудың бір формасы ретінде қызықтырады және тірек ұғымы «көркем әдебиет тілі» болады. Тілді тексеретін ғылым лингвистикалық поэтика деп аталады.

Әдебиеттанушылар көркем шығарма тілін мазмұн мен пішіннің бірлігі тұрғысынан қарастырады. Әдебиеттануда «көркем тіл» термині жиірек қолданылады және оны стилістік (алғашында тіл білімінде қалыптасқан бұл термин тіл мен сөйлеу стилдеріне қатысты) зерттейді.

Тілдің даму тарихы – ұзаққа созылған процесс. Әр ұлттың әдеби шығармасы сол халықтың тілінде жазылады, тіл сөздерден құралады. Ғалымдардың пікірінше, әр сөз ең басында орынды туған, келе-келе образдар ұмытылып, сөздер ғана қалған. А.Байтұрсынұлы сөзімен айтқанда, «шумағы тіл деп аталады. Шығарма тілі екі түрлі болады: 1) акын тілі, 2) әншейін тіл. Мұндағы акын тілі - көркем әдебиет тілі де, әншейін тіл - ауызекі тіл. А.Байтұрсынұлы: «Ақын тілі айрықша беріліп айтылатын сөз, сондықтан да лебіз көрнекті болып шығады» - дейді. Ойын әрі қарай сөйлеу «әншейін тіл сөздің дұрыстығын, анықтығын, тазалығын, дәлдігін талғайды. Ақын тілі сөздің дұрыстығының, тазалығының, дәлдігінің үстіне көрнекті, әуезді болуын да талғайды» [1, 179].

Көркем әдебиет тілі поэтикалық тіл деп аталады. Көркем әдебиет тілі әдеби тілдің ауызекі және жасалғанымен, ұғымдық аясы әлдеқайда кең. Бұл - оның бейне тудырушы, ойды әңгірлетуші, кейіпкерді-мінездеуші сипатынан туындайтын ерекшелік. Өзінің осы ерекшелігіне байланысты көркем әдебиет тілі жалпы-халықтық тілдің барлық қабаттарын: әдеби тіл нормасынан элементтерді, диалектілерді, жаргондарды, кәсіби сөздерді т.б. керегінше қамтитын синтезді сипатқа ие болады.

Көркем шығарма тілі проза тілі, поэзия тілі болып бөлінеді. Прозалық шығармалардың тілі оралымды, көп қабатты, әсіресе кейіпкер тілінің ерекшелігін көрсету мүмкіндігі зор болып келеді. Оның басты ерекшелігі – «поэзияға тән қалыптасқан қайталаулар жүйесінің болмауы. Стихтің тұрғыдан поэзияға қарама-қайшы» [2, 168]. Поэзия тілінің сипат-ерекшелігі турасында өлең

Қашаулиева Э.К. Махамбет поэзиясының стилдік ерекшелігі	150
Аубакирова Л.Н. Тіл мәдениеті	153
Қожасева Б. Ш. М.Базарбаев және тіл туралы толғам	156
Құлабаева Р.Т. Ресейдегі аз санды түркі халықтары тілінің лексикалық ерекшеліктері	158
Құлманова Г.Е. Көп тілді білу – заман талабы	161
Аманжолова А. Жоғары сынып оқушыларының тіл мәдениеті	163
Папзабек Б.Т. Ясауи дүниетанымы – даналықтың кені	166
Асанбаева С.А. Мемлекеттік тілдегі жарнаманың өзекті мәселелері	168
Садирова К. Қ. Өлеуметтік жарнаманың концептілік өрісі	170
Бекбулатова Ж.О. Жарнама мәтіндерінің прагматикалық аспектісі	173
Сатбекова А.А., Сатбекова А.А. Қазіргі білім беру жүйесінде болашақ педагогтың кәсіби біліктілігінің дамуы (жобалай оқыту технологиясы негізінде)	175
Әлметова Ә.С. Тілді өзгертін ретінде оқытуда ақпараттық технологияның алағын орны: электронды оқулық және мультимедиялық оқулық	178
Сүлейменова Ж.Н. Білікті қазақ тілі маманын даярлау - жоғары мектептің біртұтас құрамдас бөлігі	180
Балтабаева Ж.Қ. Белсенді әдістер - тілдік материалдарды сапалы меңгерудің тиімді жолы	183
Ерхокина Ш.Л. Модульдік технология негізінде қатысымдық құзыреттілік қалыптастыру	186
Абнасырова Р.Ж., Әлімжанова К.Т. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы студенттердің кәсіби білімін қалыптастыру	189
Сембаева А.Ғ. Зат есімдерді когнитивтік тұрғыда оқытудың тиімділігі	192
Телекова Г. Қ. Қазақ тілі сабақтарында мемлекеттік тілді оқытудың тиімді әдіс - тәсілдері	194
Нұрланбекова Е.Қ. Қазақ ақын-жазушыларының шығармалары арқылы студенттерге ағылшын тілін меңгерту	197
Өмірбаев Н., Каримбаева Р. Орыс бөлімдерінде септік жалғауларын оқыту	200
Абдильдина Б. Ш. Мемлекеттік тілді үйретуде қазіргі талаптары негізінде мәтін таңдау мәселелері	202
Мақешова Ж.М. Оқу-тәрбие үрдісінде инновациялық технологияларды ендіру жолдары және мұғалімнің инновациялық іс-әрекеті	205
Акимбекова Н.Б. Қазіргі қазақ тіліндегі қайталану түрлерінің экспрессивті-стильдік қызметін оқыту мәселелері	207
Рысқұлбек Д.Ж. Маман даярлаудағы кәсіби құзыреттілікті жаңа білім мазмұны арқылы қалыптастыру	212
Кансеитова У.Р., Мұхатай Т.Т. Сказка как средство формирования у старших дошкольников интереса к родному языку	215
Камзина М. С. Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа талабы	218
Халел А. Қазіргі замандағы инновациялық технологиялар	220
Джамаметова А.У. Оқушылардың сөйлесу әрекетін деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытудың мәселесі	223
Әбділда Ш.Ө. Студенттің тілтанымдық қабілетін арттыруда қолданылатын әдістер тиімділігі	227
Мұқан У. Мемлекеттік тілді оқытудағы тиімді тәсілдер	230
Балабекова Қ.Ш. Синтаксистік бірліктерді ірілендіріп оқыту технологиясының теориялық негіздері	232
Өтебай Т.Б. Қазақ тілін оқытудағы вигагендік әдістің тиімділігі	235
Искакова Ш. Б. Оқытуда кембридждік әдістеменің тиімділігі	237
Садықова Р.К. Шетел тілін меңгеруде инновациялық технологиялардың рөлі	241
Қалқасва А.Е. Қазақ тілі сабақтарында көркемфильмді қолдану барысында берілетін тапсырмалар жүйесі	244
Акимбекова Г. Ш. Тілді үйретуде мультимедиялық технологияларды пайдаланудағы нейролингвистикалық бағдарламаының рөлі	245
Тажиева Л. Т. Инклюзивті білім беру мәселелері	248
Рүстемова Ж.А. Қазақ тілін оқыту әдістері жөнінде	251
Турарова К. К. Инновациялық технология – заман талабы	254
Матай Б. Қытай тілін оқыту барысында ана тілін қолдану	256
Кансеитова У.Р. Ғалым профессор А.Р.Халитованың абайтану саласындағы еңбегі	259
Жанұзакова К.Т. Омарова Д.Н. Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық мәселесі	262
Ержанова С.Б. Әліева Ж. Қазақ поэзиясындағы жыраулық дәстүрдің көрінісі	264
Жанұзакова К.Т. Тіл және көркем әдебиет	268
Зайкеева Р. Балтабаева Н. Қ. Жұмаділовтің «қаздар қайтып барады» әңгімесіндегі тіл мәдениеті	271
Юсуп П.К. Т.Нұрмағанбетов прозасындағы ауыл тақырыбы	273
Әбдікалық К. С. Әдебиеттану ғылымының бір саласы	275